Жаднама
№2

Ең қиын сәттердің бірі

Кезек қалай жұмыс істейді?

INDIGO
ЭЛЕКТРОНДЫҚ БАЛАБАҚША

ЭЛЕКТРОНДЫҚ КЕЗЕК ҚАЛАЙ ҚҰРЫЛҒАН?

Есіңізде болсын,

indigo24.kz сайтында өтініш беріп, кезекке өз бетімен тіркеле аласыз. ЭЦҚ-нің керек жоқ және үйден шықпай-ақ

**Сонымен, кезекке де жеттік.
Кезектің қалай құрылғанын білуіңіз
үшін қажетті маңызды ақпарат:**

- *Белгілі бір балабақшаға кезек жоқ*
- *Кезек қала, ауыл, поселке секілді белгілі бір аумаққа тиістілік бойынша құрылады*
- *Яғни, кезекке өтініш берген кезде, Сіз белгілі бір балабақшаның кезегіне емес, қаланың барлық балабақшаларына кезекке тұрасыз*
- *Әр қаланың ішінде кезектер баланың туған жасына қарай құрылады*
- *Кезегіңіз келген кезде, бос орындары бар балабақшалардың ішінен өзіңізге ыңғайлы балабақшаны таңдайсыз*

Кезек ілгері де, кері қарай да жылжуы мүмкін. Мәселен, кезекке жеңілдіктері бар балалар тұрғызылса (бірінші кезектегілер), кезек артқа қарай қозғалады. Бұл қалыпты жағдай

МЫСАЛ КЕЛТІРЕЙІК:

Балаңыздың туған жылы 2013 жыл болсын, демек indigo24.kz сайтында өтініш бергеннен кейін Сіз қаланың барлық балабақшаларына 2013 жылы туған балалардың кезегіне тұрасыз.

ТУҒАН ЖЫЛЫ БОЙЫНША КЕЗЕК ҚАЛАЙ БӨЛІНЕДІ?

Есіңізде болсын,

әрбір кезекте кезектен тыс тұрған балалар және өтініштері бірінші кезекте қаралатын балалар бар

Кезектен тыс тұрғандар – бұл

- *әскери қызметшілер;*
- *арнайы органдардың қызметшілері*

Бірінші кезектегілер – бұл

- *Көпбалалы отбасылардан шыққан балалар;*
- *Мүгедек ата-аналардың балалары;*
- *Ана-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар;*
- *Жетім балалар;*
- *Ерекше қажеттіліктері бар балалар*

Кезектегі өтініштер өтінішті беру күніне қарай сұрыпталады

Ең алдымен кезектен тыс тұрғандар болады. Олардан кейін бірінші кезектегі бір адам және жеңілдіктері жоқ 3 өтініш беруші тұрады, одан кейін қайтадан бірінші кезектегі бір адам және жеңілдіктері жоқ 3 өтініш беруші және т.с.с.

МЫСАЛ КЕЛТІРЕЙІК:

Сіз 2013 жылы туған балалардың кезегінде тұрсыз

Ал енді кезектің ішінен бір көрініс:



indigo24.kz сайтындағы жай кезектің көрінісі мынадай





БОС ОРЫНДАР ҚАЛАЙ БӨЛІНЕДІ?

Есіңізде болсын,

балабақшаға топтар жинақталатын жазғы маусымда ғана емес, жыл бойы да қабылдайды

Бос орындарды бөлу тәртібі

- *Күн сайын балабақшалардан indigo-ға босаған орындар туралы ақпарат келіп түседі;*
- *Күн сайын сағат 18.00-де indigo-да бос орындар туралы тізімде балабақшалардың келіп түскен тізімдері жарияланады;*
- *Кешкі 18.00-ден таңғы 7.00-ге дейін тәуліктің ішінде босаған жаңа орындарды ала алмайсыз, олармен тек танысуға ғана болады;*
- *Күн сайын таңғы 7.00-де кезектің бірінші қатысушыларына 3 жұмыс күніне осы тізімге қол жеткізу мүмкіндігі беріледі;*

- *Бұл тізімге қол жеткізе алатын қатысушылардың саны жас топтары бойынша келіп түскен бос орындардың санымен айқындалады;*
- *Қол жеткізу мүмкіндігі бар өтініш берушілер тізімнен балабақшаны таңдайды және таңдаған балабақшаға жолдаманы*
- *Егер 3 күн өткен соң бос орындар қалған болса, онда бұл орындарға кезекте тұрған барлық пайдаланушыларға қол жеткізу мүмкіндігі беріледі. Және олар баласының жас тобына қарай осы бос орындарды таңдай алады. Бұл жерде ең бастысы «кім бірінші болып үлгерсе»*

МЫСАЛ КЕЛТІРЕЙІК:

ЕСІҢІЗДЕ БОЛСЫН

Балабақша кезегі «күйіп кетпейді»!
Егер кезегіңіз келіп, Сіз оны белгілі бір себептермен пайдалана алмасаңыз, онда басқа біреулерді өткізе бересіз

Ал Сіз мыналарды білесіз бе?

INDIGO жүйесіне компьютерден ғана емес, телефоннан да кіруге болады

INDIGO-да өтініш беру үшін Сізге Жеке кабинеттің керегі жоқ

INDIGO-да жай және түзеу кезегіне де тұруға болады

Бұл жөнінде көбірек пайдалы ақпаратты әлеуметтік желілердегі біздің парақшаларымызда бар

indigo_webline indigo.webline

Құжат, оның құрылымы, формат-логикалық бақылау қағидалары және орналастырылған медиа-контент Қазақстан Республикасының "Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы" Заңымен қорғалады. «КДС-Азия» ЖШС, 2019©